

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		15 беттің 1 беті

Бақылау-өлшегіш құралдар

Бағдарламаның 1-аралық бақылауға арналған сұрақтары

Пән коды: MAMSMQ 5301

Пәні: «МӘМС және медициналық құқық»

ББ атауы және шифры: 6B10103 «Стоматология»

Оқу сағаты/кредит көлемі: 150 сағат (5 кредит)

Оқу курсы мен семестрі: 5 курс, 9 семестр

Шымкент, 2025

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		15 беттің 2 беті

Құрастырған:



**Айдар А., аға оқытушы
магистр**

Хаттама № 16 « 26 » 06 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі:

м.ғ.к., кауым.проф.



Сарсенбаева Г.Ж.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		15 беттің 3 беті

1-аралық бақылауға арналған сұрақтар

1. Әлеуметтік медициналық сақтандыру дегеніміз не және оның Қазақстандағы негізгі мақсаттары қандай?
2. Міндетті медициналық сақтандыру (ММС) мен ерікті медициналық сақтандырудың айырмашылығы қандай?
3. Қазақстандағы медициналық сақтандыру жүйесінің негізгі принциптері қандай?
4. Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде мемлекеттің рөлі қандай?
5. 2017 жылдан бастап Қазақстандағы міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде қандай өзгерістер болды?
6. Қазақстанда міндетті медициналық сақтандыру енгізудің мақсаты қандай?
7. Қазақстандағы медициналық сақтандыру жүйесінің ерекшеліктері ТМД елдеріндегі жүйелерден қандай айырмашылығы бар?
8. Қазақстандағы міндетті медициналық сақтандыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілер қандай?
9. Соңғы жылдары медициналық сақтандыру туралы заңнамаларға қандай өзгерістер енгізілді?
10. Қазақстандағы міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде Ұлттық банкінің рөлі қандай?
11. Қазақстандағы «Медициналық сақтандыру туралы» Заңы басқа денсаулық сақтау заңдарынан қандай ерекшеліктері бар?
12. Қазақстандағы әр түрлі азаматтар санаты үшін медициналық сақтандырудың құқықтық реттелуі қалай жүзеге асады?
13. COVID-19 пандемиясы кезінде міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне қандай өзгерістер енгізілді?
14. Қазақстандағы міндетті медициналық сақтандыру жүйесі қалай жұмыс істейді?
15. Әр түрлі азаматтар категориясы үшін медициналық сақтандыру жарналарының мөлшері қалай анықталады?
16. Міндетті медициналық сақтандыру аясында ұсынылатын медициналық қызметтер пакеті қандай?
17. Қазақстанда міндетті медициналық сақтандыруды қаржыландыру қалай жүзеге асырылады?
18. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандыру медициналық ұйымдарының рөлі қандай?
19. Қазақстанда міндетті медициналық сақтандыру жүйесі аясында қандай медициналық қызметтер қамтылады?
20. Қазақстанда «Кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакеті» дегеніміз не?

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		15 беттің 4 беті

1-аралық бақылауға арналған тест сұрақтары

1-нұсқа

- Медициналық сақтандыру жүйесінде ҚР азаматтарының құқығына ... жатады.
 - ММС келісім шартына байланысты медициналық мекеме мен дәрігерді таңдау
 - сақтандыру төлемінің көлеміне байланыссыз келісім шартта көрсетілген медициналық қызметтің көлемі мен сапасын алу
 - медициналық мекемелер арасында қаржыны бөлу
 - медициналық сақтандыру жүйесінде ҚР азаматтарының құқығына байланысты келісім шартта көрсетілген медициналық қызметтің көлемі мен сапасын алу
 - медициналық қызметкерлердің еңбегін бағалау
- ҚР Конституциясының 29-бабында ... делінген.
 - Республика азаматтары медициналық көмекті кез келген мекемеде тегін алуға құқылы
 - Республика азаматтары заңмен белгіленген медициналық көмекті тегін алуға құқылы
 - Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға құқылы
 - Республика азаматтары медициналық көмекті ақылы түрде алуға құқылы
 - Республика азаматтары заңмен белгіленген медициналық көмектің кез-келген түрін алуға құқылы
- МӘМС жүйесінің ынтымақтастық қағидасы
 - тұрақты өмір сүретін тұрғындардың барлығы қатысуы тиіс
 - экономикалық белсенді емес халық үшін жарнаны мемлекет аударды
 - диагнозы бірдей адамдарға бірдей ем тағайындалады
 - әрбір сақтандырылған адамның төлеген жарнасының сомасына қарамастан МӘМС пакеті бойынша медициналық көмек алуға құқығы бар
 - табысы бірдей адамдардың қорға аударатын жарна көлемі де бірдей болады
- Міндетті медициналық сақтандыру барысында жұмыс істемейтін тұрғындар үшін сақтандыру қорына қаржыны ... аударды.
 - Мемлекеттік кіріс комитеті
 - жұмыс істейтін азаматтар
 - жұмыс берушілер
 - жергілікті басқару органдары
 - мемлекет
- Жұмысшылар 01.01.2021 жылдан бастап МӘМСҚ айлық жалақысының ... аударды.
 - 1 %
 - 2 %
 - 3 %
 - 4 %
 - 5 %
- МӘМС пакетіне ... кіреді.
 - сақтандырылғандар үшін МӘМС пакеті
 - ТМҚКК және тек ҚР азаматтары үшін МӘМС пакеті
 - ТМҚКК және сақтандырылғандар үшін МӘМС пакеті
 - алғашқы медициналық-санитариялық және стационарлық көмек
 - қауіп төндіретін ауруларға көрсетілетін медициналық көмек
- Қордың қызметтерді сатып алу жөніндегі іс-шаралар кешеніне ... жатады.
 - медициналық көмектің көлемі мен шығындарын жоспарлау, әлеуетті жеткізушілерді таңдау, шарт жасасу, шарттық міндеттемелерді орындау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		15 беттің 5 беті

Б. медициналық көмектің көлемі мен шығындарын жоспарлау, әлеуетті жеткізушілерді тандау, шарттық міндеттемелерді орындау

В. медициналық көмектің көлемі мен шығындарын жоспарлау, әлеуетті жеткізушілерді тандау, шарт жасасу

Г. медициналық көмектің көлемі мен шығындарын жоспарлау, әлеуетті жеткізушілерді тандау

Д. жеткізушілердің бірыңғай тіркеліміне енгізілген алғашқы медициналық көмекті әлеуетті жеткізушілері арасында халықты бекіту науқанына жіберу, шарттық міндеттемелерді орындау

8. Амбулаториялық-емханалық жағдайда дәрілік қамтамасыз ету ...

А. бас дәрігердің шешімімен

Б. дәрілік формулярға сәйкес жүргізіледі

В. СК фармация арқылы

Г. бекітілген дәрілік заттар тізіміне сәйкес жүргізіледі

Д. МӘСК шешімімен

9. Медициналық қызметтердің сапасын бақылау тетіктерінің бірі дәрігерлер қауымдастығының өкілдерін, пациенттерді, ҰЕҰ өкілдерін тарту арқылы жүзеге асырылатын болады.

Бұл органды атаңыз:

А. Ұлттық сараптама орталығы

Б. МӘМС жұмыс істеуі және оны дамыту мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес

В. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Г. Медициналық қызметтердің сапасын бақылау басқармасы

Д. Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі бірлескен комиссия

10. 29 жастағы науқаста шаршау, тәбеттің төмендеуі, дымқыл жөтел, кешке дене қызуының жоғарылауы байқалады. 18 жасында туберкулезбен ауырған. Қақырықты GeneXpert+Rif талдау тұрақты. Фтизиатр субкутальды диссеминацияланған туберкулез, IV санат деген диагноз қойды.

Бұл науқасты емдеу шығындарын қандай қаржыландыру көзі өтейді?

А. Ақылы негізде

Б. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі

В. Тегін медициналық көмектің кепілдік көлемі

Г. Ерікті медициналық сақтандыру арқылы

Д. Қайырымдылық қорларының қаражаты

11. 1,5 жастағы баласына қызылшаға қарсы екпе жасату үшін емханаға келген баланың анасына дәрігер екпе егу ақылы негізде жүргізілетіндігін айтты. Балаларға медициналық көмектің барлық түрі тегін болу қажеттігін айтып анасы бас дәрігерге шағымданды.

Екпе егу медициналық қызметтің қандай түріне жатады?

А. дәрігердің айтқаны дұрыс, екпе егу ақылы негізде жүргізіледі

Б. екпе егу МӘМС пакетіне жататындықтан балаларға тегін

В. балалар үшін МӘМС қорына жарнаны мемлекет аударатындықтан, екпе егу балаларға тегін

Г. екпе егу ТМҚКК пакетіне жататындықтан балаларға тегін

Д. екпе егу 1 жасқа дейін ғана тегін, қалған балаларға ақылы негізде жүргізіледі

12. Жеке құрылыс фирмасының қызметкері болып табылатын бас инженер лауазымындағы жеке тұлғаның ағымдағы жылдың сәуір айындағы барлық табысының сомасы 620 000 теңгені құрады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12	
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»	15 беттің 6 беті	

Жұмыс берушінің МӘМС-ке аударымдары айына қанша соманы құрайды?

- А. 12400 тенге
- Б. 6375 тенге
- В. 8500 тенге
- Г. 9300 тенге
- Д. 6200 тенге

13. Жеке фирманың қызметкері, МӘМС жүйесін төлеуші ай сайынғы аударым сомасын қате төледі. Әлеуметтік сақтандыру қорына сұрау салғанда олар қаражатты қайтарудан бас тартты.

Қордың жеке сұраушыға қате төленген қаражатты қайтарып беруден бас тартуға құқығы бар ма?

- А. иә, өйткені жұмыс берушіден өтініш қажет
- Б. жоқ, себебі бұл ҚР ДСМ МӘМС туралы Заңына қайшы келеді
- В. жоқ, өйткені жеке кәсіпкерлер төлеушілердің жеңілдікті санатына жатады
- Г. иә, қайтару туралы өтінішті алдымен жергілікті атқарушы орган қарайды
- Д. иә, қате төленген аударымдар автоматты түрде қайта есептеуге жатады

14. 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап орташа қауіпсіздік қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде сот үкімі бойынша жазасын өтеп жатқан адамның жарналарды/аударымдарды төлеу тәртібін анықтаңыз.

- А. осы санаттағы тұлғалар жаза мерзімін өтегеннен кейін жарналарды/аударымдарды төлейді
- Б. мемлекеттің жарнасы мемлекеттің жарналарын есептеу объектісінің кемінде 4, бірақ 5% - ынан аспайды
- В. мемлекет жарнасы, мемлекет жарналарын есептеу объектісінің 3%
- Г. мемлекеттің жарнасы мемлекеттің жарналарын есептеу объектісінің кемінде 2, бірақ 3% - ынан аспайды
- Д. мемлекет жарнасы, мемлекет жарналарын есептеу объектісінің 4 %

15. Дәрігердің қабылдауындағы 34 жастағы пациент МӘМС шеңберінде медициналық көмек алғысы келеді.

Дәрігер сақтандырылушының мәртебесін қандай деректер базасының көмегімен анықтай алады?

- А. медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі
- Б. амбулаториялық-емханалық көмек порталы
- В. тіркелген тұрғындардың регистрі
- Г. сақтандырылған азаматтардың бірыңғай тіркелімі
- Д. стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі

16. Тараз қаласының тұрғыны азамат Рузанов вахталық әдіспен Атырауда жұмыс істейді. Үйде болған кезде тұмаумен ауырып, қалалық ауруханаға жатқызылды.

Азамат Рузановтың тегін медициналық көмек алуға құқығы бар ма?

- А. сақтандырылған азамат ретінде МӘМС пакеті арқылы медициналық көмекті тегін алуға құқығы бар
- Б. ауру жұмыс кезінде емес, үй жағдайында туындағандықтан тегін көмек алуға құқығы жоқ
- В. тұмау жұқпалы ауруға жататындықтан, медициналық көмек тегін көрсетіледі
- Г. медициналық көмек тек ақылы негізде көрсетіледі
- Д. медициналық көмек ақысын қалалық емханаға жұмыс істейтін мекемесі аударады

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58/12	
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»	15 беттің 7 беті	

17. Азаматша С. Ахметова жеке сақтандыру ұйымымен ерікті медициналық сақтандыру шартын жасады.

Сақтандыру жарналарын төлеу қалай жүзеге асырылады?

- А. келісімшартта көрсетілген соманы мемлекет төлейді
- Б. келісімшартта көрсетілген соманы МӘМС қоры төлейді
- В. келісімшартта көрсетілген соманы жұмыс беруші төлейді
- Г. келісімшартта көрсетілген соманы С.Ахметованың өзі төлейді
- Д. келісімшартта көрсетілген соманы зейнетақы қоры төлейді

18. Облыстық клиникалық ауруханаға жоспарлы түрде тексеру жұмыстары жүргізілуде.

Төмендегі көрсеткіштердің қайсысы аурухана жұмысының сапасын білдіреді?

- А. жылдық төсек-орын айналымы
- Б. наукастың ауруханада жату ұзақтығы
- В. өлім көрсеткіші
- Г. төсек қорын қолдану дәрежесі
- Д. жылдық жоспардың орындалуы

19. К. есімді азаматша асқазанына 2 рет сәтсіз ота жасатты. Ғаламтор арқылы осы бағытта арнайы ота жасайтын клиникамен келісіп, жергілікті емхананың бас дәрігеріне жолдама беруін өтінді. Алайда бас дәрігер клиника мен дәрігерді таңдауға наукастың құқығы жоқ екендігін айтып, жолдама беруден бас тартты.

Медициналық мекеме мен дәрігерді таңдау құқығы қай құжатта көрсетілген?

- А. Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінде
- Б. «Денсаулық» бағдарламасында
- В. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» Кодексында
- Г. ҚР Конституциясында
- Д. ҚР ДСМ бұйрығында

20. 50 жастағы қант диабеті диагнозымен жұмыссыз азамат емханаға қаралуға келді. Дәрігер наукасты сақтандырылған азаматтардың дерекқорынан таппаған соң, ақылы қызметке жүгіну қажеттігін айтты.

Наукасқа медициналық көмек қалай көрсетілуі қажет?

- А. наукас үшін қорға жарнаны әйелі аударғандықтан, көмек тегін көрсетіледі
- Б. наукас жұмыссыз, яғни сақтандыру қорына жарна аудармағандықтан, тек ақылы көмек алады
- В. қант диабеті аса қауіпті аурулар тобына жататындықтан, дәрігер медициналық көмекті тегін көрсетуі қажет
- Г. бас дәрігердің рұқсатымен, медициналық көмек көрсетіледі
- Д. қант диабеті әлеуметтік маңызы бар аурулар қатарына жататындықтан, көмек тегін көрсетіледі

21. Самойлов Алматыға ағасын көруге келді. 2 күннен кейін ол аяғын ауыртып алып, жергілікті ауруханаға жеткізілді. Самойловта ҚР азаматтығы болмағандықтан, медициналық көмек көрсетілмеді.

Дәрігерлердің әрекетін бағалаңыз.

- А. Дәрігер кез-келген наукас адамға медициналық көмек көрсетуге міндетті.
- Б. Дәрігерлердің әрекеті дұрыс, себебі Самойлов ҚР азаматы емес.
- В. Сақтандырылмаған немесе ҚР азаматтығы жоқ наукастарға медициналық көмек ақылы негізде көрсетіледі.
- Г. Дәрігерлердің әрекеті заңды.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		15 беттің 8 беті

Д. Самойлов сақтандыру қорына жарна аудармаған, сондықтан дәрігерлердің әрекеті дұрыс.

22. 45 жастағы ер адамға медициналық тексеру нәтижесінде гепатит В диагнозы қойылды. Медициналық көмек қалай көрсетіледі?

А. Гепатит В әлеуметтік мәні бар аурулар қатарына жататындықтан, ТМККК пакеті есебінен көрсетіледі.

Б. Гепатит В әлеуметтік мәні бар аурулар қатарына жататындықтан, МӘМС пакеті есебінен көрсетіледі.

В. Науқас сақтандырылған болса медициналық көмек тегін, ал сақтандырылмаған болса – ақылы негізде көрсетіледі.

Г. Гепатит В жұқпалы ауру, яғни қоршаған ортаға қауіпті болғандықтан медициналық көмек жедел және тегін көрсетіледі.

Д. Науқасты тез арада жұқпалы аурулар ауруханасына жатқызып, окшаулау жұмыстарын жүргізу қажет.

23. Коронавирустық инфекцияға күдік туындаған кезде қолданылатын аспаптық диагностика:

А. Бронхоскопия

Б. ЭКГ

В. Ларингоскопия

Г. Өкпенің КТ

Д. Плевралық қуыстардың УДЗ

24. Коронавирустық инфекцияның нақты зертханалық диагностикасына ... жатады.

А. ПТР әдісімен SARS-CoV ДНҚ анықтау

Б. ПТР әдісімен SARS-CoV РНҚ анықтау

В. жұптасқан сарысулардағы антидене титрін анықтау

Г. орофаринстен бактериологиялық егу

Д. назофаринстен бактериологиялық егу

25. Дәрігер ЖКҚ-дан пәтерге кірген кезде ... киюі керек.

А. қолғапты, бахилды

Б. қорғаныш көзілдірігін, бахилды

В. хирургиялық бетперде немесе респираторды

Г. антисептикпен алдын ала өңделген резеңке алжапқышты

Д. колды тері антисептигімен алдын ала өңдеп, қолғапты

2-нұсқа

1. Міндетті медициналық сақтандырудың құқықтық базасына ... жатады.

А. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру негіздері» Заңы

Б. «ҚР міндетті зейнеткерлік сақтандыру» Заңы

В. «Мүгедектер мен мен егде жастағы азаматтарға әлеуметтік қызмет көрсету» Заңы

Г. «ҚР азаматтарын міндетті медициналық сақтандыру» Заңы

Д. «ҚР-да мүгедектерді әлеуметтік қорғау» Заңы

2. МӘМС енгізудің мақсаты ...

А. бюджет қаржысын үнемдеу

Б. медициналық ЖОО жұмысын жандандыру

В. қоғамдық ынтымақтастыққа қол жеткізу

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		15 беттің 9 беті

- Г. ақылы қызмет түрін көбейту
- Д. халықтың медициналық қызметкерлерге көзқарасын өзгерту
3. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесі бойынша көрсетілетін медициналық қызмет түрін ... бекітеді.
- А. ҚР денсаулық сақтау министрлігі
- Б. ҚР Үкіметі
- В. ҚР Министрлер кабинеті
- Г. ҚР Парламенті
- Д. Сенат депутаттары
4. Міндетті медициналық сақтандыру барысында жұмыс істейтін тұрғындар үшін сақтандыру қорына қаржыны ... аударарды.
- А. жұмыс беруші
- Б. кәсіподақ ұйымы
- В. мемлекет
- Г. жергілікті басқару органдары
- Д. Мемлекеттік кіріс комитеті
5. Жарналарды қорға ... аудару қажет .
- А. күн сайын
- Б. 3 айда 1 рет
- В. 6 айда 1 рет
- Г. жылына 1 рет
- Д. ай сайын
6. МӘМС жағдайында медициналық көмек
- А. бекітілген тарифтен аспауы тиіс
- Б. пациенттің қаржысына қарай көрсетіледі
- В. пациенттің мүддесіне шоғырланады
- Г. тек мемлекеттік мекемелерде көрсетіледі
- Д. комиссияның шешімімен көрсетіледі
7. Қор қызметтерді сатып алудың негізгі қағидаттарының біріне ... жатады.
- А. міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмектің аумақтық қолжетімділігін қамтамасыз ету
- Б. денсаулық сақтау субъектілерінің теңсіздігі
- В. банкроттық немесе тарату рәсіміне
- Г. құқық қабілеттілігіне, төлем қабілеттілігіне ие болу
- Д. салық берешегінің болмауы
8. Қазақстанда дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ететін бірыңғай дистрибьютор... .
- А. СК-Еврофарма
- Б. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі
- В. ҚР Үкіметі
- Г. «Атамекен» кәсіпкерлікті дамыту орталығы
- Д. СК-Фармация

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		15 беттің 10 беті

9. Педиатрдың қабылдауында 12 жастағы бала созылмалы ревматикалық жүрек ауруы бойынша Д-есепте тұр. Соңғы жылы жағдайының нашарлауы байқалады, жүрек клапандарын ауыстыру қажет. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша кардиохирургиялық орталыққа ота жасауға жіберу жоспарлануда.

Осы науқас үшін жүйеге қатысу өтілі маңызды ма?

- А. Иә, қызмет жинақ сомасына есептелінеді
- Б. Жоқ, жүйеге қатысу өтілі маңызды емес
- В. Иә, қатысу өтілі қажет-1 жыл
- Г. Жоқ, себебі балалар жарна төлеуден босатылған
- Д. Жоқ, өйткені балаларға кардиохирургиялық оталар тегін жасалады

10. 38 жастағы әйел 3 күн бойы өзін ауру деп санайды: дене қызуы 39.2 С, қалтырауға, басының қатты ауруына, әлсіздікке шағымданды. 5 күн бұрын ет кесіп жатып саусағын кесіп алған. Кесілген жері іріндеп, пұстула пайда болды, қазір жарасы қабыршақтанған, ауырмайды. Саусақтары ісіп кеткен. Дәрігер сібір жарасына күдік келтірді.

Басқаларға қауіп төндіретін жұқпалы ауруды анықтауда дәрігердің тактикасы қандай?

- А. Емхананың бас дәрігерін шақыру
- Б. Жедел жәрдем шақыру
- В. Шұғыл хабарлама жіберу
- Г. Емхана басшылығын хабардар ету
- Д. Сібір жарасы глобулинін енгізу

11. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төлеуші өз компаниясының соңғы жылдағы аударымдарының жинақталған сомасы туралы білуге ниет білдірді. Қорда мұндай ақпарат құпия деп саналатындықтан, жауап беруден бас тартты.

Қандай жұмыс қағидасы бұзылды?

- А. аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу міндеттілігі
- Б. Қор қызметінің жариялылығы
- В. мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың ортақ жауапкершілігі
- Г. көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасы
- Д. Қордың активтерін тек қана міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге пайдалану

12. Профилактикалық егулер жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу тәртібін, мерзімдерін және жоспарлы егілуге жататын халық топтарын айқындайтын Мемлекеттік органды атаңыз.

- А. СЭС
- Б. ҚР Үкіметі
- В. ҚР ДСМ
- Г. Жергілікті атқарушы органдар
- Д. Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы

13. Дәрігердің қабылдауына 22 жастағы жас әйел келді, жүктілігі 8-9 апта. Тіркеуге алынды. Дәрігер тіс дәрігеріне жолдама берді.

Жүкті әйелге стоматологиялық көмек қалай көрсетіледі?

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		15 беттің 11 беті

- А. өзге көздерден
Б. МӘМС жүйесі
В. ақылы негізде
Г. ерікті медициналық сақтандыру арқылы
Д. ТМККК
14. ҚР СІМ қызметкері ҚР шетелдік мекемесіне жұмысқа жіберіледі. Жұбайының жарналарын/аударымдарын төлеу тәртібі қандай?
А. тиісті өтініш бергеннен кейін қызметкердің жалақысынан ұстап қалады
Б. жарналарды мемлекет қордың шотына мемлекеттік корпорация арқылы аударады
В. жұбайы дербес төлеушілер санатына жатады
Г. жұбайы Қорға жарналарды/аударымдарды төлеуден босатылады
Д. тиісті өтініш бергеннен кейін жұбайы үшін қызметкердің жарналарының жартысын ұстап қалады
15. Медициналық көмектің көлемі адамның әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына қанша қаражат аударғанына байланысты бола ма?
А. Жоқ, аударымдарды тұрақты түрде жасаса жеткілікті
Б. Ия, өйткені бұл жинақтаушы жүйеге ұқсас
В. Ішінара, бірінші пакеттің (ТМККК) көлемі тәуелді болмайды, ал екінші пакетке (МӘМС) байланысты болады
Г. Заңда әлі көрсетілмеген
Д. Иә, ТМККК жүйесіндегі сияқты
16. Азамат Оралов еш жерде жұмыс істемейді. Аппендицит диагнозы қойылып, жедел жәрдем көлігімен ауруханаға жатқызылып, ота жасалды.
Ораловқа емдеу қандай қаражаттан жүзеге асырылады?
А. емдеу мекемелерінің қаражатынан
Б. МӘМС қорынан
В. мемлекет шұғыл медициналық көмек үшін бөлген қаражаттан
Г. зейнетақы қорынан
Д. жергілікті бюджеттен
17. 27 жасар азамат жұмыстан қайтып келе жатып жол-көлік апатына ұшырап, мүгедекке шықты.
МӘМС қорына азамат үшін қаржыны кім аударады?
А. жұмыс беруші
Б. мемлекет
В. азаматтың өзі
Г. азаматтың отбасы
Д. әлеуметтік қор
18. Ерікті медициналық сақтандыру компаниясына 50 жастағы ер адам стоматологиялық қызмет сапасына шағымданып келді: ауру тістің орнына дәрігер сау тісін жұлған.
Сақтандыру компаниясының тексеру жұмысын ұйымдастыруға құқығы бар ма?
А. құқығы жоқ

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		15 беттің 12 беті

Б. құқығы бар

В. денсаулық сақтау басқармасының шешімімен ғана тексере алады

Г. прокуратураның рұқсатымен ғана тексере алады

Д. сот шешімімен тексеруге құқылы

19. Ерікті медициналық сақтандыру ұйымы 1 қаңтар 2019 жылы Н. мекемесімен келісімшарт жасасты. Келісімшартта мынадай шарттар қарастырылған: тараптардың атауы, қолданылу мерзімі, сақтандыру жарналарының мөлшері және оларды енгізу тәртібі, тараптардың құқықтары мен міндеттері. Бірінші жарна 7 ақпан 2019 ж. алынды. Ерікті медициналық сақтандыру ұйымы 1 қаңтар мен 6 ақпан аралығында алған медициналық көмекке ақы төлеуден бас тартты.

Жоғарыдағы жағдайды бағалаңыз.

А. Н. мекемесі сақтандыру ұйымын сотқа беруі керек.

Б. Ерікті медициналық сақтандыру ұйымының медициналық көмекке ақы төлеуден бас тартуы заңсыз.

В. Ерікті медициналық сақтандыру ұйымы мен Н. мекемесімен арадағы келісімшартты қайта қарау қажет.

Г. Н. мекемесі 1 қаңтар мен 6 ақпан аралығына жарнаны міндетті түрде төлеуі қажет.

Д. Ерікті медициналық сақтандыру ұйымының медициналық көмекке ақы төлеуден бас тартуы заңды.

20. 53 жастағы үй шаруасындағы әйел қан қысымы көтерілгендіктен жедел жәрдем шақыртты. Дәрігерлер науқасқа медициналық көмек көрсеткен соң ақы төлеуді талап етті. Жедел жәрдем дәрігерлерінің іс-әрекетін бағалаңыз.

А. Жедел жәрдем көмегі МӘМС пакеті есебінен көрсетілетіндіктен дәрігерлердің әрекеті заңды.

Б. Үй шаруасындағы әйел сақтандырылмағандықтан кез-келген медициналық көмек ақылы негізде көрсетіледі, сондықтан дәрігерлердің әрекеті заңды.

В. Қан қысымы жоғары науқастарға медициналық көмек тегін көрсетіледі.

Г. Жедел жәрдем көмегі ТМҚКК есебінен көрсетілетіндіктен дәрігерлердің әрекеті заңсыз.

Д. Қан қысымының жоғарылауы әлеуметтік аурулар тобына жататындықтан, медициналық көмек ақылы негізде көрсетіледі.

21. 70 жастағы ер адам тұрғылықты мекен-жайы бойынша емханаға қаралды.

Тіркеу бөліміндегі медбике науқастың жеке куәлігі болмағандықтан статусын анықтай алмайтындығын, сондықтан учаскелік терапевтке тіркеуден бас тартты.

Ер адамның статусын анықтаңыз.

А. 70 жастағы ер адам ҚР азаматы қатарына жатады.

Б. 70 жастағы ер адам жұмыс істемейтіндіктен жұмыссыздар қатарына жатады.

В. 70 жастағы ер адам статусы анықталмағандар қатарына жатады.

Г. 70 жастағы ер адам зейнет жасына жеткен, сондықтан зейнеткерлер қатарына жатады.

Д. 70 жастағы ер адам өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етушілер қатарына жатады.

22. COVID-19 диагностикалау үшін ПТР зертханалық зерттеулеріне арналған биоматериалдың негізгі түрі

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		15 беттің 13 беті

А. құсық

Б. қақырық

В. мұрын-ауыз жағындысы

Г. нәжіс

Д. зәр

23. Жаңа Covid-19 коронавирустық инфекциясының расталған жағдайына ... жатады.

А. клиникалық белгілеріне қарамастан, COVID-19 инфекциясын зертханалық растау

Б. эпидемиологиялық анамнезді ескермегенде ауыр жіті респираторлық инфекциямен, этиологиясы белгісіз аурулар

В. ауыр жіті респираторлық инфекциямен, этиологиясы белгісіз эпидемиологиялық анамнез деректерімен үйлесімде: эпидемиологиялық қолайсыз өңірлерден келгендер және байланыста болған адамдар

Г. эпидемиологиялық қолайсыз өңірлерден келген және байланыста болған адамдарға эпидемиологиялық анамнез деректерімен үйлесімде тері зақымдануының клиникалық көріністері

Д. ауыр жіті респираторлық инфекциямен, этиологиясы белгісіз эпидемиологиялық анамнез деректерімен үйлесімде: эпидемиологиялық қолайсыз өңірлерден келгендер және байланыста болған адамдарға - COVID-19 зертханалық зерттеу нәтижесі күмәнді жағдайлар

24. "ҚР Міндетті медициналық сақтандыру туралы" Заңына сәйкес медициналық мекемелер ... міндетті.

А. сақтандырылған тұлғаларға көрсетілген медициналық көмек туралы мәліметтерді тіркеуге

Б. міндетті медициналық сақтандыру бағдарламасына сәйкес сақтандырылған азаматтарға тегін медициналық көмек көрсетуге

В. аймақтық қорға сақтандырылған азаматтарға көрсетілген медициналық көмек туралы мәлімет беруге

Г. шарт бойынша бекітілген тарифке сәйкес көрсетілген медициналық көмек көлеміне қаражат алуға

Д. барлық тұлғаларға көрсетілген медициналық көмек туралы мәліметтерді тіркеуге

25. КШТ бойынша салмақ коэффициентін есептеу формуласы

А. $СК_{кшт} = \text{Қорт кшт} / БС$

Б. $СК_{кшт} = \text{Қорт кшт} + БС$

В. $СК_{кшт} = \text{Қорт} <variant>БС$

Г. $СК_{кшт} = \text{Қорт} - БС$

Д. $СК_{кшт} = БС / \text{Қорт кшт}$

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		15 беттің 14 беті

1-аралық бақылауға арналған жағдайлық есептер

1-есеп 70 жастағы ер адам тұрғылықты мекен-жайы бойынша емханаға қаралды. Тіркеу бөліміндегі медбике науқастың жеке куәлігі болмағандықтан статусын анықтай алмайтындығын, сондықтан учаскелік терапевтке тіркеуден бас тартты.

Ер адамның статусын анықтаңыз.

2-есеп Тараз қаласының тұрғыны азамат Рузанов вахталық әдіспен Атырауда жұмыс істейді. Үйде болған кезде тұмаумен ауырып, қалалық ауруханаға жатқызылды.

Азамат Рузановтың тегін медициналық көмек алуға құқығы бар ма?

3-есеп Мұнай өңдеу зауытының жұмысшысы азамат С. қан ауруымен (анемия) ЕПМ-ге жүгінді. Міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасы шеңберінде көмек көрсетілді.

Көрсетілген медициналық көмекті қаржыландыру қандай қаражат есебінен жүзеге асырылады?

4-есеп Азамат Оралов еш жерде жұмыс істемейді. Аппендицит диагнозы қойылып, жедел жәрдем көлігімен ауруханаға жатқызылып, ота жасалды.

Ораловқа емдеу қандай қаражаттан жүзеге асырылады?

5-есеп Азамат Оралов еш жерде жұмыс істемейді. Аппендицит диагнозы қойылып, жедел жәрдем көлігімен ауруханаға жатқызылып, ота жасалды.

Ораловқа медициналық көмек қандай пакеттен көрсетіледі?

6-есеп Әскери бөлімнің командирі құздан құлап, аяғын сындырып алды. Жақын манда әскери бөлімнің медициналық көмек көрсететін мекемесі болмағандықтан, жолдасы емханаға апарды. Науқастың әскери қызметкер екені анықталғанда, дәрігер оған көмек көрсетуден бас тартып, ақы төлеуді талап етті.

Дәрігердің іс-әрекетін бағалаңыз.

7-есеп А. есімді жүкті азаматша емханадағы әйелдер бөлімінің дәрігерлері медициналық көмек көрсетуден бас тартқандықтан, нәресте шала туылды деп сотқа шағымданды. Соттың сұрауына дәрігерлер жүкті әйелдің басқа елдің азаматы, біздің елімізде сақтандырылмағандығын ескеріп, медициналық көмек ақылы түрде көрсетілетіндігін түсіндіргендерін айтты.

А. есімді азаматшаға медициналық көмек қалай көрсетілуі тиіс?

8-есеп К. есімді азаматша асқазанына 2 рет сәтсіз ота жасатты. Ғаламтор арқылы осы бағытта арнайы ота жасайтын клиникамен келісіп, жергілікті емхананың бас дәрігеріне жолдама беруін өтінді. Алайда бас дәрігер клиника мен дәрігерді таңдауға науқастың құқығы жоқ екендігін айтып, жолдама беруден бас тартты.

Дәрігердің іс-әрекетін бағалаңыз.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/12
Бақылау-өлшегіш құралдар «МӘМС және медициналық құқық»		15 беттің 15 беті

9-есеп 50 жастағы қант диабеті диагнозымен жұмыссыз азамат емханаға қаралуға келді. Дәрігер науқасты сақтандырылған азаматтардың дерекқорынан таппаған соң, ақылы қызметке жүгіну қажеттігін айтты.

Науқасқа медициналық көмек қалай көрсетілуі қажет?

10-есеп Ерікті медициналық сақтандыру ұйымы 1 қаңтар 2019 жылы Б. мекемесімен келісімшарт жасасты. Келісімшартта мынадай шарттар қарастырылған: тараптардың атауы, қолданылу мерзімі, сақтандыру жарналарының мөлшері және оларды енгізу тәртібі, тараптардың құқықтары мен міндеттері. Бірінші жарна 7 ақпан 2019 ж. алынды. Ерікті медициналық сақтандыру ұйымы 1 қаңтар мен 6 ақпан аралығында алған медициналық көмекке ақы төлеуден бас тартты. Жоғарыдағы жағдайды бағалаңыз.

11-есеп Сақтандырылған азамат А. Тараз қаласында тұрады. Нұр-сұлтан қаласында тұратын туыстарына барып, ауырып қалды. Жергілікті емхана терапевтіне қаралуға келді. Емхана терапевті оған Тараз қаласында тіркеуде тұрғандықтан қабылдаудан бас тартты.

Терапевтің әрекеті заңды ма? Егер жоқ болса, ҚР қандай заңнамасы бұзылған?

12-есеп 53 жастағы үй шаруасындағы әйел қан қысымы көтерілгендіктен жедел жәрдем шақыртты. Дәрігерлер науқасқа медициналық көмек көрсеткен соң ақы төлеуді талап етті.

Жедел жәрдем дәрігерлерінің іс-әрекетін бағалаңыз.

13-есеп Самойлов Алматыға ағасын көруге келді. 2 күннен кейін ол аяғын ауыртып алып, жергілікті ауруханаға жеткізілді. Самойловта ҚР азаматтығы болмағандықтан, медициналық көмек көрсетілмеді.

Дәрігерлердің әрекетін бағалаңыз.